**«6D050600 - Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Кулембаева Флора Мухитдиновнаның «Кәсіпорын қызметінің тиімділігін жоғарылату жүйесіндегі аутсорсингтік бизнес-модель» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

# СЫН-ПІКІРІ

| р/н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|---|---|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | Диссертацияның тақырыбы Президентің жолдауларында, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында қарастырылған зерттеу бағыттарына сәйкес келеді. |
| | | 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);<br>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)<br>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) | 1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1-қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс-қимыл кезеңі» атты жолдауы.<br>2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1-қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі».<br>3. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары, ҚР Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы №521 Жарлығы.<br>4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021жылғы 12 қазандағы №728 қаулысымен бекітілген 2020-2025жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жоба |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған. | Соңғы 2,5 жылда әлемдік қоғамдастыққа бұрын көптеген кәсіпорындардың ұстанған басымдықтардың бірі ұйымдардың тұрақтылығы мен болашаққа деген болжамдары ғана емес, сонымен қатар планетаарлық масштабтағы пандемия, геосаяси дағдарыстар, логистикалық тізбектердің кешігуі, қорлардың шектеулілігіне байланысты кәсіпорындардың көбісі үлкен икемділікке ұмтылуға мәжбүр болады. Бизнес операциялық модельдерін қарастырып, стратегиялық бағыттарына назар аудару өте маңызды болады. Осыған байланысты кәсіпорындар мен ұйымдар үшін аутсорсингті пайдалану тиімді болып келеді. Сондықтан диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады және маңыздылығы ашылған деп айтсақ болады.<br>Диссертациялық жұмыс еліміздің бағдарламаларын, Президенттің жолдауларын және Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын орындауға көмектеседі. |
| 3. | Өзі жазу | Өзі жазу деңгейі: | Атвордың диссертациялық жұмысының жазу деңгейі жоғары екені |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | принципі | 1) **жоғары;**<br>2) орташа;<br>3) төмен;<br>4) өзі жазбаған | көрініп тұр. Себебі диссертациялық жұмыста жүргізілген әдеби шолу, негізгі бөлімінде жасалған талдаулар және талдаулар негізінде ұсынылған ұсыныстар елеулі және жоғары екені көрінеді. Автордың жазған диссертациялық жұмысының нәтижелері, 8 ғылыми мақаласы отандық және шетелдік, соның ішінде Scopus мәліметтер базасында, Global Journal of Flexible Systems Management (Q1) деген журналда жарияланған. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br>1) **негізделген;**<br>2) жартылай негізделген;<br>3) негізделмеген. | Докторанттың диссертациялық жұмысының өзектілігі негізделген. Себебі, қазіргі техника-технологиялардың, инновацияның дамуында, жаңа бизнес-стратегиялардың қалыптасуында кәсіпорындар үшін кейбір іс-шаралар тым ауыр және шығындар болып табылады, сондықтан басшылар, топ менеджерлер шеттегі қызметтерін пайдалану туралы шешім қабылдайды, соның бірі аутсорсинг болып табылады. Аутсорсинг қазіргі заманғы бизнестің ажырамас бөлігі болып келеді. Аутсорсинг-бұл өз әлеуетін толық ашу үдерісінде тұрған жас сала, тың тақырып болған соң тереңінен зерттеуді қажет етеді. Сондықтан диссертациялық жұмысының өзектілігі негіздлеген. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды<br>1) **айқындайды;**<br>2) жартылай айқындайды;<br>3) айқындамайды | Жүргізілген зерттеу жұмысы мен логикалық байланыс диссертациялық жұмыстың тақырыбын айқындайды. Диссертациялық жұмыстың әр тарауы мазмұнды жазылған. Есептеуде теориялық – әдістемелік әдістері көрсетілген, аутсорсингтің дамуы бойынша статистикалық талдау жасалынған, дегенмен, Қазақстан бойынша ресми статистикалық деректер негізінде зерттеу тақырыбы бойынша талдау жеткіліксіз жүргізілді. |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br>1) **сәйкес келеді;**<br>2) жартылай сәйкес келеді;<br>3) сәйкес келмейді | Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Қойылған мақсат бойынша міндеттер орындалған. Зерттеу тақырыбы бойынша анықталған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес қажетті зерттеулер жасалған. |
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:<br>1) **толық байланысқан;**<br>2) жартылай байланысқан;<br>3) байланыс жоқ | Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық бірізділігін ескере отырып толық байланысқан. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, негізгі бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Сонымен қатар барлық бөлімдер мен бөлімшелер бір-бірімен байлыанысқан, логикалық реттілгімен сипатталады. Екінші бөлімінде жүргізілген талдау нәтижелері бойынша үшінші бөлімде аутсорсингті енгізу мәселелерінің шешу жолдары көрсетілген. |
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан | Автор ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған. Себебі, автор аутсорсингті |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:<br>1) **сыни талдау бар;**<br>2) талдау жартылай жүргізілген;<br>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген | енгізу бойынша салыстырмалы талдау жасап, өзінің аутсорсингті енгізу алгоритмін ұсынды. |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) **жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);**<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жартылай жаңа болып табылады. Себебі аутсорсингтің мәні мен бағалаудың әдістемелік теориялық аспектілерін отандық және шетелдік ғалымдар мен практиктер зерттеген, бұл туралы автор өзінің зерттеуінде атап өтеді. Зерттеудің нәтижелері аутсорсингтің тиімділігін бағалау тұрғысынан ғылыми қызығушылық тудырады. |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?<br>1) **толығымен жаңа;**<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Өзіндік авторлық тәсіл кәсіпорында аутсорсингті пайдалану тиімділігін бағалау (есептеу) кезінде, регрессиялық модель құру барысында байқалады. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?<br>1) **толығымен жаңа;**<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген. Себебі ол диссертациялық жұмыста енгізу актісімен және диссертациялық жұмыс нәтижесінің практикалық қолданылуымен дәлелденген. |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша) | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Диссертациялық жұмыста аутсорсингтің теориялық, әдістемелік, тәжірибелік ерекшеліктерін зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми қорытындылар әдістемелік тәсілдерді қолдану, статистикалық мәліметтерді талдау, деректерді экономикалық талдау мен бағалауға негізделген. |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:<br>7.1 Қағидат дәлелденді ме?<br>1) **дәлелденді;**<br>2) шамамен дәлелденді;<br>3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді | Ізденуші қорғауға төрт негізгі қағидаттар шығарады:<br><br>1-қағидат.Шетелдік әдебиеттері контент талдау нәтижелері негізінде автордың анықтаған аутсорсингтік бизнес-модельді енгізу мотивтері;<br>Қағидат дәлелденді ме?<br>1) **дәлелденді;**<br>2) шамамен дәлелденді; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 7.2 Тривиалды ма?<br>1) ия;<br>2) **жоқ**<br>7.3 Жаңа ма?<br>1) **ия;**<br>2) жоқ<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) **тар;**<br>2) орташа;<br>3) кең<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>1) **ия;**<br>2) жоқ | 3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1) ия;<br>2) **жоқ**<br>7.3 Жаңа ма?<br>1) **ия;**<br>2) жоқ<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар;<br>2) **орташа;**<br>3) кең<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>1) **ия;**<br>2) жоқ<br>2- қағидат. Қазақстандық кәсіпорындарда сынақтан өткен (апробированная) аутсорсингті енгізу тиімділігін бағалау әдістемесі;<br>Қағидат дәлелденді ме?<br>1) **дәлелденді;**<br>2) шамамен дәлелденді;<br>3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1) ия;<br>2) **жоқ**<br>7.3 Жаңа ма?<br>1) **ия;**<br>2) жоқ<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) **тар;**<br>2) орташа;<br>3) кең<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>1) **ия;**<br>2) жоқ<br>3- қағидат. Қазақстандық кәсіпорындардың қызметіне жүргізілген сауалнама мен SWOT талдау нәтижелеріне негізделген аутсорсингті енгізу проблемаларын шешу бойынша практикалық ұсынымдар кешені;<br>Қағидат дәлелденді ме? |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | 1) **дәлелденді;**<br>2) шамамен дәлелденді;<br>3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1) ия;<br>2) **жоқ**<br>7.3 Жаңа ма?<br>1) **ия;**<br>2) жоқ<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) **тар;**<br>2) орташа;<br>3) кең<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>1) **ия;**<br>2) жоқ<br>4- қағидат. Аутсорсингті енгізудің ұсынылған кезеңдеріне байланысты және аусорсингтік бизнес-модельдің авторлық схемасын ескеретін ұйымдастырушылық сипаттағы ұсынымдар;<br>Қағидат дәлелденді ме?<br>1) **дәлелденді;**<br>2) шамамен дәлелденді;<br>3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1) ия;<br>2) **жоқ**<br>7.3 Жаңа ма?<br>1) **ия;**<br>2) жоқ<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) **тар;**<br>2) орташа;<br>3) кең<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>1) **ия;**<br>2) жоқ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8. | Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған<br>1) **ия;**<br>2) жоқ | Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған және қойылған зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді, алынған нәтижелердің объективтілігін растайды. |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:<br>1) **ия;**<br>2) жоқ | Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Аутсорсингтің дамуына жүргізілген талдау, сауалнама, аутсорсингтің тиімділігін бағалауда және контент талдауы қызықты болды.<br>Жұмыста мәліметтерді өңдеу үшін MS Excel, Gretl және R бағдарламалары қолданылды. |
| | | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен **дәлелденген және расталған** (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):<br>1) **ия;**<br>2) жоқ | Диссертациялық жұмыстың теориялық қорытындылары, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар жасалған контент талдаумен, Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша кәсіпорындарға жүргізілген зерттеу сауалнамасы, кәсіпорындардың мәліметтері негізінде жүргізілген талдау мен құрылған регрессиялық модель, ұсынылған ұсыныстар мен аутсорсингтің модель сызбасы көмегімен эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған | Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Академиялық адалдық принципі сақталған. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті/**жеткіліксіз | Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Әдеби шолуда әдіснамалық және практикалық тәсілдері бойынша көбіне шетелдік зерттеушілердің жеткілікті көзқарастары ұсынылған себебі, бұл тақырып бойынша отандық мақалар аз болып келеді. Автор сонымен қатар зерттеу тақырыбы бойынша заманауи басылымдарды қарастырды. |
| 9 | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:<br>1) **ия;**<br>2) жоқ | Диссертацияның теориялық маңызы бар, себебі ол болашақта бұл тақырыпты тереңінен жан-жақты зерттеуде, теориялық-әдістемелері басқа ғылыми жұмыстарда қолдануға болады. Сонымен қатар, «Кәсіпорын экономикасы» және т.б. пәндерде қолданылады. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада | Диссертацияның пркатикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары, себебі аутсорсингтің тиімділігіне |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | қолдану мүмкіндігі жоғары:<br>1) **ия;**<br>2) жоқ | жүргізілген талдау мен бағалау оң нәтиже көрсеткен соң, ол кәсіпорындар үшін болашақта аутсорсингтік қызметтерін қолдану үшін қажет болып табылады. Сонымен қатар оны енгізу актісімен дәлелдеуге болады. |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?<br>1) **толығымен жаңа;**<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады. Себебі, автор кәсіпорында аутсорсингті енгізу алгоритмін ұсынған. Ол кәсіпорындар үшін маңызды болып табылады. Диссертациялық жұмыс нәтижелерін пайдалану бойынша «Smash LTD» ЖШС енгізу актісі бар. |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>1) **жоғары;**<br>2) орташа;<br>3) орташадан төмен;<br>4) төмен. | Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасы жоғары. Зерттеу жұмысы мемлекеттік стандарттарға сәйкес, мәтіні түсінікті ғылыми тілде жазылған. |

Диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. Диссертация Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті философия докторы (PhD) дәрежесін ізденушілердің диссертацияларына қойылатын талаптарға сәйкес орындалған. Кулембаева Флора Мухитдиновнаның «Кәсіпорын қызметінің тиімділігін жоғарылату жүйесіндегі аутсорсингтік бизнес-модель» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң пікір бере отырып, «6D050600-Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

**Ресми рецензент:**

Қызылорда технология және қызмет институты,
«Экономика және қызмет көрсету мамандықтары»
кафедрасының доценті, э. ғ. к. _______________ Елпанова М. А.

ҚОЛДЫ РАСТАЙМЫН

М.А. Елпанованың қолын растаймын